Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы минимтрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.

# ТАҚЫРЫБЫ:

## АСЫЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Орындаған: Тұрғынбаева Н.
Қабылдаған: Долдашова Г.Қ.



Асыл тұқымды мал зауыттары, асыл тұқымды мал шаруашылықтары, мал тұқымын асылдандыру станциялары мал тұқымын асылдандыру базаларында асылдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Мал тұқымын асылдандыру барысында аса бағалы асыл тұқымды мал алынып, белгілі бір тұқымдық топқа жатқызылады. Тұқымдық мал зауыттарында, станцияларында жаңа желілер, аналық ұялар, жаңа

Мал тұқымын асылдандыру — малдың тұқымдық сапасын жақсартуға, өнімділігін арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі. Ол малды зоотехникалық тұрғыдан бағалау, тиімді белгілеріне қарай таңдау, сұрыптау, жұптау, төлді дұрыс өсіру сияқты басты-басты жұмыстардан тұрады. Тұқым жақсарту ережелері биологиялық әсіресе генетика жетістіктеріне негізделеді.





Мал тұқымын асылдандыру жұмысын жетілдіруге бағытталған мемлекеттік шаралар тұқымдық мал көрмесін ұйымдастыру және мал тұқымдарын әр түрлі аймақтар мен облыстар бойынша аудандастыру болып табылады.

# Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының басты міндеттеріне:

| | | |
|---|---|---|
| Малдың өнімділік қасиетін жақсарту | Тұқымдық қасиеті жақсарту | Өздерін және басқа өндірістік шаруашылықтарды қамтамасыз ету үшін сапалы тұқымды мал өсіру |

# Аудандастыру жоспарын жасағанда үш қағида



халық шаруашылығына қажеттілігі;



мал тұқымының биологиялық және өнімділік ерекшеліктері;



аймақтың табиғи-климаттық және экономикалық жағдайы.

Асыл тұқымды шаруашылық (репродукторлар) желісін құру бағытындағы инвестициялық жоба бойынша Австралиядан сатып алынған 407 бас «ангус» тұқымды бұзау Ақмола облысының Аққөл ауданы Азат ауылындағы «SC Food» ЖШС-не әкелінді. Бұл аталған бағыт бойынша Австралиядан жеткізілген тұңғыш етті бағыттағы ірі қара тұқымы. Табиғатынан тез ет алатын 7-8 айлық бұзаулардың қазіргі салмағы 220-250 келі. Бұл туралы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ баспасөз қызметінен хабарланды.

«Жобаның жалпы құны – 3 млрд. теңгеге жуық. Оны жүзеге асыру үшін шаруашылыққа «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ 12 жыл мерзімге 2 млрд. 200 млн.теңгеден аса несие беруді мақұлдады. Ал қаржының қалған бөлігі құрылтайшылардың өз қаражаты есебінен төленеді. «SC Food» серіктестігі бұл жобаны Мемлекет басшысының еліміздегі етті мал бағытын арттыру жөніндегі тапсырмасына орай, «Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасы бойынша жүзеге асырып отыр. Жақын уақыттары «SC Food» ЖШС-і Америка Құрама Штаттарынан қосымша 570 бас тайынша мен 50 бас аталық бұқа жеткізбек», – делінген баспасөз айғағында.

Сонымен қатар, асыл тұқымды мал жеткізілген шаруашылық 5500 басқа арналған. Оның 2400 аналық сиыр болса, 100 аталық бұқа, қалғаны тайынша-торпақ болмақ. Серіктестік болашақта аналық сиырлар мен бұқаларды өздерінде өсіріп, кейіннен оны облыстағы шағын шаруашылықтардағы мал басын асылдандыру үшін сатуды көздеп отыр.

Батыс Қазақстан облысында белгілі мамандар, еңбек ардагерлері Федор Скобычкин және ҚР АШМ облыстық аумақтық инспекциясы асылдандыру бөлімінің бастығы Мақсат Балқыбаев өз ұсыныс-пікірлерін былайша білдірді:

<< Жасыратын несі бар, еліміздегі асыл тұқымды малдың жағдайы жақсарып келеді деу қиын. Асылдандыру жұмыстарын мүлдем тоқтатып, тіпті тастап кеткен жоқпыз ба деп те қорқамын. Малды асылдандыру, соның ішінде ірі қараның тұқымдық қорын жақсартпай, малдан жоғары өнім аламын деу - бос әурешілік.

Асылдандыру жұмыстары - барлық табыстың бастауы.
Онсыз малдың басы да, пайдасы да артпайды. Қалай болғанда да, малдың тұқымын асылдандырумен тікелей айналысатын асылдандыру шаруашылықтары, зауыттары керек, оларсыз болмайды. Өйткені асылдандыру зауыттары мен шаруашылықтарында асылдандыру жұмыстары ежелден жүріп келді ғой. Асыл малды еш жерден ала алмайсыз. Өзіміздің бір кезде атағы алысқа кеткен қазақтың ақбас тұқымды сиырын алайық, герефордтан еш кем түспейді ғой.
Асылдандырумен тікелей айналысатын



# Қазақстанда мал асылдандырумен айналысатын қалалар:

- Тараз
- Ақмола
- Ақтөбе және т.б.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!

